

1 2007  
698к



**Н. НАЗАРБАЕВ —**

**ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ**

**КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ**

**КЕЛІСІМНІҢ**

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ**

**ҮЛГІСІНІҢ**

**НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**





**Н. НАЗАРБАЕВ –**

**ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ**

**КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ**

**КЕЛІСІМНІҢ**

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ**

**ҮЛГІСІНІҢ**

**НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

ББК 66.3 (5к)

Н 17

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Жалпы редакциясын басқарған **Ж.Ә.Әлиев**

Аударған *Самат Ибраим*

Н 17 **Н. Назарбаев – этносаралық және конфессияара-  
лық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалау-  
шы/ Жалпы редакциясын басқарған Ж.Ә.Әлиев. –**  
Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 212 б.  
ISBN 9965-11-220-7

Н  $\frac{0803010000-026}{419(05)-06}$  40 – 2006

ББК 66.3 (5к)

ISBN 9965-11-220-7

© Авторлар ұжымы, 2006  
© Қазақстан халықтары  
Ассамблеясының Хатшылығы, 2006  
© «Жеті жарғы», 2006



## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан экономикалық, әлеуметтік-саяси демократиялық тұрғыдан жедел даму жолына түсті және де ол тек бұрынғы кеңестік кеңістік аясында ғана емес, сонымен бірге әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдердің біріне саналады. Әрине, мұндай жетістік өздігінен келе қойған жоқ, оған қоғамдағы азаматтық бейбітшілікті және ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың тиімді тұтқаларын жасауға орай бағытты дұрыс таңдап алудың арқасында қол жеткізілді.

Осындай тарихи міндеттерді шешуде біздің көп ұлтты республикамыздың Бірінші Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басты рөл атқарды.

Кешегі өткен қиын-қыстау дағдарыс кезінде сәл ғана ағаттықтан орын алатын ұлттық шиеленіс бүкіл елді дүрліктіріп, қанды оқиғаларға әкеп соқтыруы әбден мүмкін еді. Мұны ондаған жылдарға созылған этносаралық қақтығыстарға тап болған, қоғамды бейбіт арнаға қайтаруға мүмкіндік бермеген көптеген мемлекеттердің тарихы дәлел бола алады.

Кеңес Одағы ыдыраған кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлы батыл да білікті қадамдар жасай білді. Кешегі Одақтың өзге субъектілерінің арасында көп ұлтты Қазақстан этносаралық шиеленіске бір табан жақын тұрғандай көрінетін.

Алайда, ондай келеңсіздікке жол берілген жоқ. Бұл орайда ондай мүмкін болатын катаклизмге жол бермеген біздің мемлекетіміздің басшысының еңбегі орасан зор. Н.Назарбаев жасампаздық саясатты тандап алды, халық пен мемлекет билігі бірлігінің, Конституцияның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының беріктігінің символы және кепілі болды.



Мемлекет басшысы – интернационалдықты берік ұстанатын адам. Оның жеке қадір-қасиеттерінің, кең дүниетанымының арқасында әр алуан этникалық топтардың адамдары біздің тарихымыздың ең бір қиын-қыстау кезеңінде оған үлкен сеніммен қарады және байырғы қазақ жерінде мемлекеттікті дамытудың бірден-бір қолайлы жолы ретіндегі егеменді мемлекетті құрудың ол жариялаған принциптерін қабыл алды, бұл орайда бейбітшілік сүйетін қоғамда бостандықтың, теңдіктің және келісімнің идеалдарын ұстануды бірінші кезекке қойды. Бұл туралы осы басылымда ұлттық мәдени бірлестіктердің жетекшілері, ғалымдар, діни және қоғамдық қайраткерлер, Қазақстан халықтары Ассамблеясы мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Қазақстандық азаматтық қоғамның ұйытқысына айналған Қазақстан халықтары Ассамблеясы шын мәнінде біздің Президентіміздің өміршең әрі болашағынан мол үміт күттіретін перзенті тәрізді.

1992 жылғы Қазақстан халықтарының бірінші форумында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев форумды тұрақты негізге көшіру туралы идея айтқан болатын. 1995 жылы 1 наурызда республиканың қоғамдық-саяси аренасында ұлттық саясат саласындағы реттеуші жаңа субъекті – Қазақстан халықтары Ассамблеясы дүниеге келді. Этносаралық бірлік пен келісімнің мәселелерін алдын алу мен шешудің тұтқалары жасалды. Ал шын мәнінде Ассамблея құрылғаннан бері он жыл ішінде халықтар достығының феноменальді институты, өркениет институты дәрежесіне көтерілді, қазіргі кезде оны ХХІ ғасырдағы адамзат тәжірибесінің қол жеткен ұлы жетістіктері ретінде бүкіләлемдік қауымдастық мойындады. Қазақстан халықтары Ассамблеясы Президент жанындағы кеңесші-консультативті орган мәртебесін иелене отырып, халық парламентаризмінің кең ауқымды диалогтік алаңына, мінберіне, этносаралық қатынастардың, аз ұлттардың құқықтарын қорғаудың, Қазақстандағы көп ұлтты мәдениеттер мен тілдердің еркін дамуының нағыз демократиялық реттеушісіне айналды.

Біздің бүкіл халық болып сайлаған бірінші Президентіміз аталған органды құрылған күнінен бастап басқарып келе жатқандығы бүкіл қазақстандықтар үшін айрықша мақтаныш болуы тиіс және ол осы құрылымның өмір бойғы төрағасы болып табылады. Мұның өзі Нұрсұлтан Әбішұлының толеранттық, этносаралық және конфессияаралық келісім принциптерді жақтайтындығын дәлелдей түседі.



Қазіргі заманның белгілі философы Фрэнсис Фукуяма бірде демократияның көпэтностық мемлекеттерде басқарудың тиімді нысаны бола қоймайтындығын байқаған екен. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан жағдайында азаматтық қоғамның сапалы жаңа моделін құру мүмкіндігін іс жүзінде дәлелдеп берді, онда көп мәдениетті нысан терең демократиялық мазмұнмен үйлесімді түрде астасатындығын көрсетті. Әлемдік тарихтың мұндай қазақстандық феноменін оны толықтай ізгілік тұрғысынан бағалау алдағы күннің еншісінде. Бұл орайда біздің Президентіміздің Қазақстан халқының алдында ғана емес, сонымен қатар жаһандық ауқымдағы сіңірген орасан зор еңбегі ерекше атауға тұрарлық.

Қазақстан халықтары Ассамблеясы, аймақтардағы Кіші ассамблеялармен біріге отырып, әрбір қазақстандық этностың мәдени әлеуетін барынша толық жүзеге асыруда, мемлекетті құрушы ұлт ретінде қазақтардың мәдениеті мен тілінің ролін күшейтуге орай қыруар жұмыстар істеуде. Мұндай жұмыстар ешқандай формальдық сипатқа жатпайды, оның көздеген нақты мақсаты мен қол жеткен нәтижелері бар.

Тәуелсіздік жылдары айтарлықтай қол жеткен нәтижелердің қатарына республикадағы сыртқа көшу процесін тоқтатуды жатқызуға болады. Егер бұрын адамдар елден негізінен экономикалық себептер бойынша кеткен болса, енді эмигранттардың мыңдаған отбасылары Қазақстанды өзінің отаны, сенімді де қолайлы үйі көріп, оған қайта оралуда. Бұл орайда біздің Президентіміздің ұстанған саликалы саясаты бірден байқалады. Ал оның негізгі арқауы Қазақстан халықтарының достығында жатыр.

Президент әлемдік ағымдарға мұқият назар аударады, ал өзінің көрнекті ғалым екендігі де белгілі. Оның іргелі еңбектерінің қатарына жататындар: «XXI ғасырдың табалдырығында», «Нарық және әлеуметтік-экономикалық даму», «Қоғамды өзгерту стратегиясы және Еуразиялық өркениеттің қайта өрлеуі», «Бейбітшілік эпицентрі», «Еуразия жүрегінде» тәрізді кітаптары мен басқа да ғылыми жұмыстары әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолдауға ие болды.

Оқырмандарға ұсынылып отырған осы басылымның авторлары Н.Ә. Назарбаевтың ұстанған бағытының дұрыстығы туралы пікірлерін білдіреді, елдегі экономикалық жетістіктер, сайып келгенде, ең алдымен қоғамдағы қоғамдық келісімдерге байланысты екендігіне мән



береді. Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясы азаматтық бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің сақталуындағы мемлекетте маңызды рөл атқаратын қоғамдық институтқа айналды. «Ассамблея шын мәнінде мемлекет пен халық арасындағы ерекше алтын көпір болып табылады, ол Қазақстанның көп ұлтты халықын біріктірудің нақты институтына айналды» деп жазды Н.Ә.Назарбаев. Ассамблея құрылғалы он жыл ішінде Қазақстандағы 130-дан астам халықтың бейбіт өмір сүруінің, олардың мәдениеттері мен әр түрлі діни сенімдерінің жүзеге асуының бірегей тәжірибесі жинақталды.

Н.Ә.Назарбаевтың сіңірген еңбегі деп барлық ұлттар мен этностық топтардың достығын нығайтудағы табанды түрде жүргізіп келе жатқан жұмысын айтар едік. Қазақстанның нағыз зайырлы мемлекет болғаны өте маңызды, онда әр түрлі діндердің өзара жемісті қарым-қатынастары қалыптасты, ал дінсіз дүниеде өрелі диалог, тіпті тиімді экономикалық дамуға қол жеткізудің өзі мүмкін емес.

Қазақстан Республикасында ұлттық келісім ішкі саяси реформалардың басты әрі талассыз басымдылығы деп айқындалған және ол бүкіл халық болып бекіткен Конституция нормаларында бекітілген. Онда Қазақстанның барлық халықтарының этникалық немесе діни ұстанымына қарамай-ақ, арман-мүдделері көрсетілген.

Елдің басты құжатында елдегі ұлтаралық келісімді бұзуға бастайтын әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық шиеленістіру немесе руға бөлушілік тәрізді конституциялыққа жатпайтын кез келген әрекеттерге ымырасыз күрес жүргізу қамтылған.

**Ж.ӘЛИЕВ**

Қазақстан халықтары  
Ассамблеясы төрағасының  
орынбасары.





*Р.Халмурадов,*  
«Достлик» өзбектердің  
қоғамдық бірлестігі  
ассоциациясының төрағасы,  
*Ю. Кирюхин,*  
«Южный Казахстан» облыстық  
газетінің редакторы

**Н.Ә.Назарбаев – этносаралық және  
конфессияаралық келісімді құрушы және  
оның кепілі**

Этносаралық қатынастардың үйлесімділігі тақырыбының маңыздылығы Президент Н. Назарбаевтың ақпандағы еліміздің халқына жолдауына айрықша атап көрсетілген: «біз ұлтына және діни сеніміне карамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ереік беретін еркін әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз».

Президент бұдан әрі қарайғы негізгі күш азаматтық қоғамды сатылап қалыптастыруға, қазақ халқының, республикада тұратын барлық этностардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, рухани құндылықтарын дамытуға бағытталуы тиіс екендігін мәлімдеді.

Мұндай міндеттерді шешу үшін алдымен берік іргетас, ұйымдастыру және идеялық негіздер құру керек, өйткені, адамзат ХХІ ғасырдың басты проблемаларының бірі ұлтаралық келісімнің әмбебап формуласын әлі күнге жасаған емес. Бұл проблеманың астарында зор күйретушілік потенциал бар, оның негізінде әлемге көптеген жаһандық қауіп пен қатер туындайды.



Осындай іргетасты қалауда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халықтарының Ассамблеясы зор үлес қосты және бұдан былай да қоса бермек.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы шын мәнінде Н. Назарбаевтың төл бастамасы, оның қызметінің басты бағыты республикадағы барлық халықтардың проблемалары шиеленіссіз, жария түрде, әрі көп ұлтты мүдделерді есепке ала отырып шешуге бағытталған. Республикамыз тәуелсіздігін алғаннан бергі уақыт ішінде этносаралық келісімді сақтау тәжірибесі біздің еліміздің халықаралық беделінің өсуіне, шетелдерде абырой-беделінің арта түсуіне ықпал етті.

Еліміздің өмірінде ол әр алуан ұлттар өкілдерінің арасындағы достықты нығайтуда, тілдерді дамытуда, көп ұлтты республикамыздағы халықтардың дәстүрлерін сақтауға тиімді түрде қол ұшын беретін орган ретінде танылды.

Тәжірибе көрсеткеніндей, ұлтаралық татулық, мемлекеттік тұрақтылық елдегі экономиканы, ғылым мен мәдениеттің дамуына жәрдемдесетіндігі өте маңызды мәселе дей аламыз.

Ғасырлар қойнауынан бастау алатын біздің еліміздің халықтар достығы біздің жерімізге көптеген халықтардың сталиндік репрессия жылдары жер аударылуы кезінде, Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау күндерінде, соғыстан кейінгі бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында, тың жерлерді игеру кезеңдерінде және т.б. сол сияқты бірнеше мәрте сынақтан өтті.

Егемендік алғаннан кейін сынақтың жаңа түрі басталды. 90 жылдардың бас кезінде экономикалық және саяси ахуал жағдайы өте қиын болды, елімізден басқа жаққа



көшкендер саны өсе түсті, көптеген адамдар абдырап қалды, әлеуметтік қолайсыздық сезіліп, адамдар өзінің болашағына және балаларының келешегіне сенімсіздікпен қарағандай болды.

Сол кезде Н. Назарбаев қазақстандықтар қолдауына ие болған міндеттерді алға қойды. Оның ең бастылары нарықты экономикаға, саяси тұрақтылыққа, демократияны дамытуға деген ұмтылыстың негізін қалау болып табылды.

1995 жылы Президент Жарлығымен консультативтік-кеңесші орган ретінде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды.

Арада өткен он жылдағы Ассамблея қызметінің тәжірибесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өзінің Жарлығымен осындай ұйымды құрған біздің Елбасының көрегендігін көрсетті. Бұл барлық халықтар мен ұлыстарды біртұтас етіп біріктіреді. Президенттің жіті назарында болған Ассамблея осы уақыт ішінде шындығында да барлық халықты жұмылдыра білді. Сондықтан ұлттық диаспоралар Президент саясатын қолдайды. Көптеген мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер этносаралық қатынастарды дамытудың қазақстандық үлгісі басқа да елдер үшін үлгі болады деп есептейді. Сондықтан да «Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі: тәжірибе және ұсынымдар» атты халықаралық конференциясына қатысушылар Қазақстанның ұлтаралық қатынастарының мәдениетін қалыптастырудың оң тәжірибесімен танысу және таратуды, бұл орайда БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО және басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайтуды, сан жағынан аз халықтармен жұмыс жөніндегі құрылымдар құруды ұсынды.



Этносаралық қатынастарды дамытудың қазақстандық үлгісін конференцияға қатысушылар – белгілі саясаттанушылар мен қоғамтанушылар жан-жақты таратуды және барлық жерде насихаттауды талап ететін бірегей дүние деп бағалады.

2005 жылы маусымда Нью-Йоркте өткен «Конфессияаралық диалогті нығайту және ХХІ ғасырда бейбітшілік мақсатында өзара әрекет» тақырыбын қараған тағы бір конференцияда оның қатысушыларының назарын Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Астанада өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, сондай-ақ Қазақстан халықтары Ассамблеясының қазіргі қызметі аударған болатын.

Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының I съезі де Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен Астанада 2003 жылдың күзінде өткені белгілі. Екі күнге созылған форумға әр түрлі конфессиялар өкілдері – 135 делегат қатысты.

Съездің төрағасы Н.Назарбаев мәжіліске қатысушылар алдында сөз сөйлеп, форум қабылдаған декларацияның «құрметтеушілік пен толеранттық идеяға негізделген» деп атап көрсетті. Құжаттың ережелері «Біздің бәрімізге қатысты және алдағы жақын болашақта біздің бірігіп әрекет етуіміз арқылы нақты қадамдарымыздың негізін білдіреді». Н. Назарбаевтың пікірінше «әлемдік дәстүрлі дінге сенушілік әр түрлі халықтар мен өркениеттердің диалогіндегі байланыстырушы буын бола алады». Мұндай пікірмен келіспеуге болмайды. I съездің қатысушылары II съезді де Қазақстанда өткізу туралы шешім үшін дауыс беруі кездейсоқтық емес.



Пакистан халықаралық ислам университетінің президенті Ахмат Газидің айтуы бойынша жер шарында шиеліністер мен соғыстар жүріп, ағайынды адамдар бір-біріне қарсы шығу жағдайында Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың халықаралық діндер форумын шақыруы туралы бастамасы дінді ұстанушылардың арасында бір-біріне түсіністік пен ынтымақтастыққа бастайды. А. Гази Қазақстан Президентіне өзінің алғыс сезімін білдіре отырып, бастаманың авторы ретінде оның есімінің ХХІ ғасырдың тарихына енетіндігін және бұл съезд діндер арасындағы бейбітшілікті қамтамасыз ететіндігін атап көрсетті.

Бүгінде өркениеттің дамуына жәрдемдесетін негізгі жолдардың бірі мәдениеттер мен діндердің диалогі екендігі көпшілікке аян. Олар бір-біріне игі ықпал жасаудың арқасында ғана зияткерлік дәрежеге жетудің арқасында дами түсетін болады.

Орыстың Православиелік шіркеуі достық қатынастағы діндермен диалог жасауға әрқашан дайын. Бұл туралы Астана және Алматы Мефодийлерінің метрополиті айтқан болатын. Метрополит Қазақстанның «толық» православиелік тұрғысынан Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси ерік-жігері арқасында конфессиялардың өкілдерінің ынтымақтасу жолын талқылауға жиналғандығына тоқталды. «Қазақстанды бүгінде өркениеттердің тоғысқан жері деп бекер айтпайды» деді жоғары дін өкілі.

Ватиканның өкілі кардинал Йозеф Томко Қазақстанның мұндай әлемдік дін өкілдерінің кездесуін ұйымдастыруы жайдан-жай емес, өйткені, ол көптеген ұлттардың діндер мен конфессиялардың бейбіт өмір сүруінің үлгісі деген болатын. Бұл диалог жасау үшін кездесуге әбден



оңтайлы орын, дін бейбітшілікті жақтауда аз үлес қоспайды деген кардинал барлық діндер бейбітшілік ісінде бірігуге күш салуы тиіс екендігін, қалыпты азаматтық қоғам орнатуда көпір бола білу керектігін атап көрсетті.

«Мен Қазақстанды өзім сайланғаннан кейін сапарға баратын бірінші ел ретінде тандадым, мен Президент Н. Назарбаевқа әлемдік конфессияаралық диалогті басқарғаны үшін ризашылығымды білдіремін», — деді Израильдің бас раввині Йона Мецгер.

Бас раввин Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың бастамасын «ақ бата беру» деп атады. Й. Мецгердің пікірі бойынша «ізгілік пен төзімділік, бейбіт жағдайда өмір сүруге деген ұмтылыс осы келіссөздер үстелінің басында айтылып қана қоймай, өмірде де жүзеге асады». Раввин мұндай диалогтің алдағы уақытта үзілмейтіндігіне сенім білдірді. Өздерінде діни басшылар жаулық көзқарас пен жеккөрушілік отын тұтату шегінде тұрғанын, бірақ олардың өкіметі отты сөндіреді деп сендірді. Сондай-ақ ол әр түрлі ұлттар мен діндердің бейбіт қатар өмір сүруінің үлгісі ретінде Қазақстанды мысал етуге болатындығын айтты.

Дінаралық форумды өткізу идеясын Рим Папасы Иоанн Павел II де қолдады. Ватиканның хатшысы Анджело Содано Астанаға сапармен келіп, Президент Н. Назарбаевпен жоспарланған шараны жан-жақты талқылады.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің Съезі ашыларда әр түрлі мемлекеттер басшыларының құттықтаулары жарияланды. Қазақстан басшылығының атына Францияның, Сауд Аравиясы Корольдігінің, Ресей Федерациясының, Египет Араб Республикасының, Италияның, Польшаның,



Германияның және тағы басқа елдердің басшылары құттықтаулар жолдады.

Онда съездің жер шарында бейбітшілік идеясына жәрдемдесетіндігі, ал Қазақстанның мұндай съезд шақыруы игілікті іс екендігі атап көрсетілді.

БҰҰ-ның жолдауында Қазақстан дінаралық шарттың үлгісі бола алатындығын және сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының миссиясына лайықты үлес қосатындығы айтылған.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің съезінде Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төраға болып сайланғаны белгілі.

Н. Назарбаевтың кандидатурасын сарапшылардың алдыңғы қатарлы топтарының бірінің жетекшісі Жоғарғы имам әл-Азхара Шейх Мұхаммед әл-Тантауи ұсынды. Ол Н. Назарбаевқа діндер жер шарының барлық адамдарын бейбітшілік пен келісімге шақыруға бағытталған бұл съезін өткізгені үшін алғыс сезімін білдірді.

Н. Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндердің I съезінің қорытындысына тоқтала келіп, оны бейбітшілік пен тұрақтылық ісіне қосылған үлкен үлес деп бағалады. «Сіздер бүгін христианның, исламның, буддизмнің, иудаизмнің өкілдерінің бір стол жанында отырғанын көрдіңіздер» деп Нұрсұлтан Әбішұлы атап көрсетті. Ал тіпті күні кешеге дейін ислам және иудаизмнің басшылары бір қонақүйде тұрып, бір столдың жанында отырып, көкейтесті мәселелер туралы диалог жүргізді дегенге сену қиын болатын. Бірақ бұл Қазақстанда халықтың басым бөлігі ислам суннитін ұстанатын мемлекетте мүмкін болды.



Сонымен Қазақстан бейбітшілік пен үйлесімділікке бағытталған қозғалыстың орталығына айналды. Ұлтаралық келісімді қалыптастыру, конфессияаралық диалогті жалғастыру үшін жағдайлар жасау – бұл біздің мемлекетіміздің және оның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағдары. Ол халықтар мен діндер арасындағы бір-біріне деген сенім мен ынтымақтастықтың арта түсуі үшін барлық күш-жігерді жұмсайды және де бұл жұмыс өзінің оң нәтижелерін беруде.





**Ю. Поминов,**  
**Қазақстан халықтары**  
**Ассамблеясының мүшесі**

## **Қолда барды қолдауымыз керек**

Бүкіл Қазақстан сияқты Павлодар Ертіс өңірі де көп ұлтты аймақ. Мұнда негізінен қазақтар мен орыстар тұрады, сондай-ақ украиндар, немістер, татарлар, белорустар, ингуштар, шешендер, әзірбайжандар, башқұрттар, поляктар, болгарлар, чуваштар, корейлер, армяндар, гректер, еврейлер және басқаларымен қоса алғанда 100-ден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бар.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының 10 жылдығы қарсаңында Павлодарда Қанат Даржұманның «Живем в семье единой» атты көлемді, айшықты безендірілген кітап-фотоальбомы жарық көрді. Онда Қазақстан халықтарының Кіші ассамблеясының қалыптасу және даму тарихы туралы әңгімеленген: «Алғашқы ұлттық-мәдени құрылымдар бізде 80 жылдардың аяқ кезінде пайда бола бастады. Ол кезде татар, башқұрт, неміс орталықтары пайда болды, адамдар өзінің ұлттық мәдениетінің қайта өрлеуі қажеттігін, өзінің тілін, салты мен дәстүрін білу керектігін сезінді. Бұл құрылымдардың құндылығы сонда, оларды құру идеясы «төменнен» басталды, адамдар «жоғарыдан»



ешқандай нұсқау күтпей-ақ өздері бастамашылдық танытты». Міне, осының негізінде олардың өміршендігі жүзеге асып, уақыт сынағына төтеп беріп келеді...

Сол кездері ондай ұлттық-мәдени орталықтар дегеніміздің өзі не еді деген сұрақ туындайды. Бұл негізінен алғанда бастама көтерген адамдардың шағын тобы ғана болатын, олар басқарманы сайлап жарғыларын дайындады, дейтұрғанмен олар әркелкі жағдайда әрекет етіп, оңтайы келген жерге орналасты. Жергілікті билік құрылымдарынан да ол кезде ешқандай қолдау көрсетілген жоқ болатын. Президенттің Жарлығымен Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылғаннан кейін ғана жағдай айтарлықтай өзгерді және жексенбілік мектептердің жұмысын талдай келе біз тілді қалыпты, тиімді үйрену үшін бұл жұмысқа жүйелі сипат беру керек, барлық мектептерді бір жерге жинау қажет деген қорытындыға келдік. Әкімшіліктің бюджетті қолдауына қол жеткізілді, сонымен қатар 1996 жылы Павлодар мектептерінің бірінде бүкіл жексенбілік сыныптар бір орынға жиналды, онда 400-дей оқушы білім алды, ал келесі жылы қаланың басшылары жеке ғимарат бөліп, оны жөндеп берді, біз республикадағы жалғыз ұлтты қайта өрлеу мектебін салтанатты түрде аштық. Біздің мектептің жұмыс тәжірибесі бүкіл республиканы елең еткізді, арада біраз уақыт өткеннен кейін Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының кезекті сессиясында былай деген болатын: «Павлодарлықтардың игілікті және пайдалы бастамасын атап өткім келеді. Онда 500 оқушыға арналған ұлтты қайта өрлеу



мектебі ашылды, мұнда оқып-үйрену мен білім беру этникалық топтардың 9 тілінде жүргізіледі». Мұндай жылы сөздерді есту көңілге қуаныш ұялатты. Ұлтты қайта өрлеу мектебі біздің көп ұлтты мемлекетіміздің шағын моделі болды десек артық айтқанымыз емес, онда адамдар өзінің мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып бейбітшілік пен келісім жағдайында өмір сүреді.

Кіші ассамблея жұмысының тағы бір маңызды саласы осы тәріздес республиканың және Ресейдің көрші аймақтарының – Омбы және Новосібір облыстарының, сондай-ақ Алтай өлкесінің тиісті құрылымдарымен байланысты сақтау және дамыту болып табылады. Павлодарда және Ресей аймақтарымен шектес облыстың аудандарында өтетін ұлтаралық қатынастар проблемалары жөніндегі «дөнгелек үстелдерге» және ғылыми техникалық конференцияларға, әр түрлі мерекелерге әріптестер, қазақстандық және ресейлік достар үнемі қатысады. Мәселен, бізде Омбы қазақтары, кезінде Қазақстанға жер аударылған және кейін тарихи отанына оралған поляктар біздің аймақпен сан-салалы байланыс жасайтын Германиядан келетін немістер және көптеген тағы басқа адамдар жиі қонақта болады.

Қазір ұлттық-мәдени орталықтар жанында 13 жастар құрылымдары жұмыс істейді. Демек, жинақталған дәстүрлерімізді болашақта кімдердің қолына тапсыратындығымыз айқындалды.

Павлодар Ертіс өңіріндегі халықтардың Кіші ассамблеясында өткізілетін шаралар өзінің жаңашылдығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді. Біздің облыстық газеттегі



«Рухани бірігу» деген мақалада соның бірі туралы былай-ша айтылған:

«Павлодарда тұңғыш рет Рухани келісім күні әдеттен тыс қызықты түрде өткізілді. Қазақстан халықтарының Кіші ассамблеясына діни конфессиялардың өкілдерінің қалай жиналғандығын қараудың өзі қызық, оның әрқайсысы өзіне тән діни адамдар киетін киім киген; ұлттық-мәдени орталықтардың және олардың жастар бірлестіктерінің басшылары бір-бірімен жылы жүздесуде. Әр түрлі ұлттар мен әр түрлі дінді ұстанатын бұл адамдар бір-біріне жылы шырай танытып, өзара құрметтеушілік білдірді. Олардың Кіші ассамблеяның мейрамды осылай өткізу жөніндегі ұсыныстарына қолдау көрсеткеніне куә болдық, тіпті олардың шын пейілдері мен ашық-жарқындығына таңғалдық. Олардың рухани келісімге деген жалпы ұмтылысы ешқандай сөзбен айтып жеткізуді қажет етпейді десе болады. Бұл шараның ерекшелігі деп барлық конфессиялар мен орталықтардың өкілдерінің бір жерге жай жиналып қоюы ғана емес, сонымен бірге жиналғандардың бәрі бірігіп Павлодардың негізгі діни ғимараттарын аралауын айтар едік. Бұл ғимараттардың бәрі дерлік соңғы екі жыл ішінде тұрғызылып пайдалануға берілген, акцияға қатысушылардың көбі оның сыртқы түрімен және ішкі мазмұнымен бірінші рет танысты. Олардың бірінші барған объектісі қыркүйек айында ашылған синагога еді, онда раввин Шмауэль Карнаух келген қонақтарды шын көңілден қарсы алып, синагоганың ішкі құрылымының ерекшеліктері туралы, иудаизмнің негізгі қағидаттары туралы, ғимаратты салуға және безендіруге кімдердің



көмектескені жөнінде әңгімелеп берді. Дін басы Павел (Благовещенск кафедральді соборы) пастор Ким Сонг Су (әдістеме шіркеу), рим-католик костелінің діни басшысы Кшыштоф және грек-католик шіркеуінің дін басы Ириней бас мешіт имамының көмекшісі Қанат Алпысұлы өздерінің діни ғимараттарымен жүйелі түрде таныстырды. Әсем салынған мешітте экскурсия аяқталып, оның кең залында түскі ас берілді. Дастархан басында жиналғандар өздерінің жақсы тілектерін айтып, осындай тамаша шараны ұйымдастырушыларға алғыс сезімдерін білдірді.

Келісім күнін тап осындай түрде өткізу идеясы өзін толықтай ақтады. Діни адамдардың бір-бірімен әңгімелесуіне және әр түрлі діндердің ерекшеліктерімен танысуға, ұлттық орталықтар, діни бірлестіктер өкілдері және ұлттық қайта өрлеу мектебі арасында тығыз байланыс орнатуға әдейі уақыт бөлініп, жағдай жасалды.

Мен өзім 1995 жылдан бастап Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысына қатысып келемін, оның барлық сессияларына, яғни біріншіден бастап оныншы сессияға дейін түгел қатыстым, Ассамблеяның қоғамдағы келісім мен өзара түсіністікті нығайтуда, ұлттар мен конфессиялар арасындағы қатынастардың үйлесімді болуына қосқан үлесі туралы айта аламын. Осындай үлкен жұмыстың бастамашысы және бас идеологі Ассамблея төрағасы, еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев болып табылады.

Ассамблея сессиялары егеменді Қазақстанның қалыптасуындағы өзіндік негізгі кезеңдері деп айта аламыз, бұл бойынша оның тарихын да зерттеуге болады. Бірінші сес-



сия Н.Ә. Назарбаевтың президенттік өкілеттігін ұзарту жөніндегі жалпы республикалық референдумды өткізуге бастама жасады, ал екіншісі – Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау мәселесін көтерумен тарихта қалды. Үшінші сессияның қатысушылары еуразиялық интеграцияны, Қазақстан қоғамын демократияландыруды дамытуға бағытталған Президенттің идеяларына қолдау көрсетті.

Төртінші сессия саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде бастама көтеруде үлкен жұмыстар атқарды.

Президенттің бесінші сессиядағы баяндамасы шын мәнінде ұлттық саясат саласындағы іс-қимылдың бағдарламасына айналды.

Алтыншы сессия елдегі тұрақтылықты, бейбітшілік пен келісімді бұзуға тырысатын кез келген экстремистік күштердің қызметіне тосқауыл қоюға барлық қазақстандықтарды шақырды.

Жетінші сессия қазақстандық патриотизм тәрбиесінің міндеттерін алға қойды. Н.Ә. Назарбаев өзінің сөйлеген сөзінде «Біз Қазақстанды сомдадық, ендігі міндет қазақстандықтарды сомдау» деп атап көрсетті.

Сегізінші сессия экономикалық құлдырауды жеңген және ауыр дағдарыстан шыққан еліміздің тәуелсіздігінің он жылдығының нәтижелерін қорытындылады. Елбасы бұл сессияда Қазақстан азаматтық бейбітшілікпен келісім тәжірибесін әлемдік қауымдастық таныған ел екендігін айтты.

Тоғызыншы сессия Қазақстан халықтары Ассамблеясының даму стратегиясын айқындап берді, ал оныншы – этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін құрудың



қорытындыларын жасады. Елімізде адамдардың этникалық және діни сенімдеріне қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз ететін құқықтық база құрылды. Бұл принцип мемлекеттің этносаралық саясатының негізінде орныққан.

«Көпұлттылық – кемшілік емес, бұл қоғамның артықшылығы», – деді Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының сегізінші сессиясында сөйлеген сөзінде. Мұндай артықшылық өздігінен келе қойған жоқ, ол жасалды, қалыптасты, қорғалды. Бұл ең алдымен, Президенттің өзінің сіңірген еңбегі.

Біз қазір өте мазасыз дәуірде, дүниеде соғыстар жүріп, ұлтаралық шиеленістер, ланкестік актілер орын алған кезеңде өмір сүрудеміз. Өз елінде бейбітшілік пен келісімнің сақталуы адамдарды алаңсыз етіп, ертеңгі күніне сеніммен қарауға жетелейді, ал одан асқан қандай игі мақсат болуы мүмкін?

Президенттің және бүкіл Қазақстан халқының осы мақсатқа жетудегі даусыз еңбегі барлық әлемде лайықты бағасын алды.

БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанға ресми сапар кезінде Астанадағы Қазақстан халықтары Ассамблеясы Кеңесінің мүшелерімен кездескен кезде былай деді: «Қазақстан ТМД-ның бірқатар елдерінен ерекшеленеді, өйткені, бұл елде бейбітшілік пен тұрақтылық орныққан, экономикалық өсу байқалады. Қазақстан этникалық жағынан әралуандылық қалыптасқан және әр түрлі ұлттар бейбіт өмір сүретін мемлекет үлгісі болып табылады». Н.Ә. Назарбаевтың шақыруымен Қазақстанға келген Рим Папасы Иоанн Павел II де осындай ой айтқан болатын.



Қолда бардың қадірін білмейміз, жоғалғаннан кейін жылаймыз деген орыс мақалы бар, біз қазақстандықтар көздің қарашығындай етіп нені сақтау керектігін жақсы білеміз, өйткені, біздің баға жетпес байлығымыз үлкен отауымыз — Қазақстан Республикасындағы бейбітшілік пен достық.